

Қазақстан Республикасының флагмандық әуе тасымалдаушысын анықтау ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 14 тамыз N 896. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 25 желтоқсандағы № 1398 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 25.12.2013 № 1398 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Азаматтық авиацияны мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 15 желтоқсандағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының флагмандық әуе тасымалдаушысын анықтау ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 2

ж ы л ғ ы

1 4

т а м ы з д а ғ ы

N

8 9 6

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Қазақстан Республикасының флагмандық әуе тасымалдаушысын анықтау ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасының флагмандық әуе тасымалдаушысын анықтау ережесі (бұдан әрі - Ереже) флагмандық тасымалдаушыны анықтаудың құқықтық және ұйымдастырушылық негіздерін белгілейді.

2. Конкурстық комиссия құру және конкурс ұйымдастыру тәртібі

2. Конкурс жолаушылар үшін жоғары деңгейлі сервиспен тасымалдаудың қауіпсіз жағдайын қамтамасыз ететін әуе тасымалдаушысын анықтау мақсатында өткізіледі.

3. Флагмандық әуе тасымалдаушысын анықтау үшін конкурс өткізудің бастамашысы (ұйымдастырушысы) азаматтық авиацияны мемлекеттік реттеу саласындағы уәкілетті орган болады.

4. Конкурссты өткізуді қамтамасыз ету және жеңімпазды анықтау үшін конкурстық комиссия (бұдан әрі - Комиссия) құрылады, оның құрамын уәкілетті орган анықтайды. Конкурсстық комиссияның құрамына өзге де мүдделі мемлекеттік органдардың өкілдері кіруі мүмкін.

5. Конкурсстық комиссияның құрамына өзге де мүдделі мемлекеттік органдардың өкілдері кіруі мүмкін.

6. Конкурсстық комиссия мүшелерінің саны тақ болуы және кемінде бес адамды құрауы тиіс.

7. Комиссия қатысушылардың конкурстық ұсыныстарын қабылдайды және қарайды, конкурсты өткізеді және жеңімпаздарды анықтайды.

8. Уәкілетті орган конкурс өткізу туралы шешім қабылдағаннан кейін конкурсқа ықтимал қатысушыларды жазбаша хабардар ету жолымен немесе бұқаралық ақпарат құралдары арқылы конкурс өткізгенге дейін 30 күннен кешіктірмей, конкурстың негізгі шарттарын және оның өткізілу мерзімін жариялайды.

9. Комиссия ықтимал қатысушылар үшін негізгі және қосымша шарттарды қамтитын конкурстық құжаттама пакетін дайындайды.

10. Комиссия конкурстың өткізілетін мерзімі мен орнын жариялағаннан кейін конкурсқа қатысуға ниет білдірушілер уәкілетті органның атына қажетті құжаттардың қосымшасымен өтінімді беруге тиіс.

11. Конкурсқа қатысуға осы Ережеге сәйкес өтінімді және басқа да қажетті құжаттарды уақытылы берген, тағайындалған тасымалдаушылар болып табылатын әуе тасымалдаушылары жіберіледі.

12. Конкурсқа қатысу үшін комиссияның атына мынадай құжаттарды ұсыну қ а ж е т :

1) конкурсқа қатысуға арналған белгіленген нысандағы өтінішті (қосымшаны) ;

2) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесін;

3) азаматтық әуе кемелерін пайдаланушы сертификатының көшірмесін;

4) әуе көлігімен жолаушылар мен жүктерді тасымалдауға арналған л и ц е н з и я н ы ң к ө ш і р м е с і н ;

5) міндетті сақтандыру шарттары жасалғанын растайтын сақтандыру п о л и с т е р і н і ң к ө ш і р м е с і н ;

- 6) авиа бағыттарға арналған куәліктің көшірмесін;
 - 7) әуе кемелерінің паркі туралы мәліметтер (олардың түрлері, саны, борттық тіркеу нөмірлері, олардың техникалық жай-күйі бойынша деректер, әуе кемелерінің ұшу жарамдылығын қолдау жөнінде жүргізілетін іс-шаралар);
 - 8) авиа тасымалдарды броньдау және сатудың автоматтандырылған жүйесінде ресурстарды орналастыру туралы келісімнің көшірмесін;
 - 9) халықаралық бағыттар үшін Азаматтық авиацияның халықаралық ұйымында (ИКАО) және Әуе көлігінің халықаралық қауымдастығында (ИАТА) авиакомпанияның тіркелгені туралы куәліктердің көшірмелерін;
 - 10) қатаң есептілік бланкілерінің үлгілерін;
 - 11) салық міндеттемелерін орындау бойынша бюджетпен есеп айырысудың жай-күйі туралы дербес шоттың көшірмесін;
 - 12) халықаралық тұрақты ұшуларды орындаудың және жекелеген де, түйісетін де авиа бағыттарды дамытудың қысқа мерзімді (бір жылға арналған) және ұзақ мерзімді (үш жылға арналған) бизнес-жоспарларын;
 - 13) азаматтық әуе кемесінің тіркелгені туралы куәліктің көшірмесін.
13. Конкурсқа қатысу үшін талап етілетін құжаттар мемлекеттік және орыс тілдерінде бір данада беріледі.
14. 9-тармақтың 10)-13) тармақшаларында көрсетілген құжаттар "конкурста ғана ашылсын" деген белгісі бар жеке жабылған пакетте беріледі.
15. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдау конкурс өткізілетін күннен бір күн бұрын аяқталады.
16. Барлық қажетті құжаттарды бермегендігі немесе біліктілік талаптарына сәйкессіздігі үшін өтініштері қайтарылған өтінім берушілерді комиссия бұл туралы себебін көрсете отырып, конкурстық комиссия мәжілісі басталған күннен бастап бес күн мерзімде жазбаша хабардар етеді.

3. Конкурсты өткізу және флагмандық тасымалдаушыны анықтау тәртібі

17. Құжаттардың пакетін қарау әрбір комиссия мүшесінің қатысушыларды 10 -балдық жүйе бойынша бағалауы жолымен комиссия белгілеген конкурс өткізу мерзімі ішінде жүзеге асырылады.
- Конкурстық комиссияның әрбір мүшесі уәкілетті орган белгілеген бағалау парағы нысанын толтырады және Комиссия төрағасына береді.
- Конкурстық ұсыныстарды бағалау нысандарының негізінде комиссия мүшелері қатысушының қорытынды балдарын жинақтайды және комиссия

хатшысы хаттамада тіркейтін әрбір қатысушы бойынша жалпы жинақталған балды айқындайды. Хаттамаға заң күші бірдей екі данада комиссия мүшелері қол қояды.

18. Ұсынылған құжаттардың негізінде конкурстық комиссияның қорытындысы бойынша жолаушыларға жоғары сапалы қызмет көрсететіні, ұшу қауіпсіздігін және авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ететіні ескеріліп, белгілі бір авиа бағыттарда тұрақты және тұрақты емес ұшулардың орындалуын қамтамасыз ете алатын әуе тасымалдаушысы конкурсты жеңген болып танылады.

19. Комиссия мәжілісінің соңғы күні комиссия мүшелерінің және конкурсқа қатысушылардың қатысуымен комиссия төрағасы ең жоғары балл санын жинап алған қатысушы-жеңімпазды атайды. Балдары тең болған жағдайда жеңімпаз ашық дауыс берумен анықталады. Егер оған Комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысы берілсе, шешім қабылданған болып есептеледі.

20. Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясын мемлекеттік реттеу саласындағы уәкілетті орган заңнамада белгіленген тәртіппен флагмандық тасымалдаушыны анықтау туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі шешімінің жобасын әзірлеуді және келісуді қамтамасыз етеді.

21. Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясын мемлекеттік реттеу саласындағы уәкілетті орган өткізілген конкурстың қорытындылары бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметіне Комиссия мәжілісі хаттамасының түпнұсқасын қосымшасымен ұсынымды, Қазақстан Республикасы Үкіметінің тиісті нормативтік құқықтық кесімінің жобасын енгізеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 2 ж ы л ғ ы 1 4 т а м ы з д а ғ ы

№ 8 9 6 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

ф л а г м а н д ы қ ә у е т а с ы м а л д а у ш ы с ы н

а н ы қ т а у е р е ж е с і н е

қосымша

ӨТІНІШ

Флагмандық тасымалдаушы мәртебесі құқығын алуға арналған конкурсқа қатысу үшін жіберуіңізді өтінемін.

Ұйым туралы мәліметтер:

1. Меншік нысаны _____
2. Құрылған жылы _____
3. Заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелуі туралы куәлік

(нөмірі, кім және қашан берілген)

4. Банктік деректемелер _____

(есеп шот .N, коршоттар, МФО, банктің атауы мен орналасқан жері)

5. Заңды мекен-жайы және басқа да деректемелер _____

(почталық мекен-жайы, телефон, телефакс, телекс, телетайп,

телеграфтық және телефондық шартты шақыру белгілері, ИКАО, ИАТА, СИТА, АФТН кодтары)

6. _____

(кәсіпорынның бірінші басшысының тегі, аты-жөні)

7. Қоса беріліп отырған құжаттар _____

Кәсіпорын басшысы: тегі, аты-жөні, қолы, күні.

200__ ж. " __ " _____ өтініш қарауға қабылданды.